

Бекітемін:

«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекеме  
директоры: М.Есепбаев



2022-2023 оку жылы бойынша психологиялық қызмет көрсету  
жұмысының жылдық жоспары.

Мектеп психологы: Нигметова Лаура Бауыржановна

Жаңалық ауылы.

## **Психологиялық қызметтің бағыттары**

**1.Психологиялық зерттеу** - білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу мақсатында:

- оқу және даму мәселесіндегі пайда болған себептерді табу;
- түзету жұмысы барысында сүйенуге болатын жеке тұлғаның күшті жағын, оның қосымша мүмкіншілігін анықтау;
- мамандыққа бейімділігін анықтау;

Мұғалімдер, окушылар мен оқу орнының әкімшілігінің сұранысы бойынша диагностика және жоспарлы диагностика түрінде жүзеге асырылады, жекелей және топтық кеңестің дайындық кезеңдері, психологиялық педагогикалық консилиум, пед. кеңес ретінде қаралады.

**2.Психологиялық алдын-алу** - психологтың педагогтармен мақсатты бағыттағы жүйелі біріккен жұмысы, олар:

- әр топ оқушыларының әлеуметтік-психологиялық және психологиялық мәселелерін ескерту бойынша;
- ішкі тәртіп пен ережесін, окушылардың ары мен намысын құрметтеу негізінде жасап, мұғалімдер мен окушылар ұжымында қолайлы эмоционалды-психологиялық климат құру;
- қауіп-қатер тобы оқушыларын анықтау бойынша (түрлі негіздер бойынша).

*Психопрофилактикалық диагностика қауіп-қатер тобындағы оқушыларды тауып (әлеуметтік-психологиялық және интелектуалдық негізінде) және олармен түзету жұмыстарын жүргізуі керектігі туралы тұжырым жасау мақсатында баға әдісін қолдану арқылы оқушыларды тексеру түрінде жүзеге асады. Мектеп оқушыларының жеке тұлғалық дамуының түрлі мәселесін ескерту бойынша жүйелік жұмысын психолог психологиялық тренинг арқылы, саралы турде оқушының жас мөлшеріне және түйінді мәселесіне байланысты, немесе тұрақты бір жастағы білім алушылардың психологиялық мәселесіндегі жұмысының білімі, біліктілігі мен дағдысының мазмұнына байланысты психологиялық тәрбие сағатында жүзеге асырады. Сонымен қатар психолог басқа да білім беру мекемелеріндегі пәндердің мазмұнындағы берілген тақырыпты қоса отырып, әдістемелермен қамтамасыз етеді.*

**3. Психологиялық дамыту-түзету** - қауіп-қатер тобына жататын оқушыларға ерекше көмектің бағыты бойынша психологтың жүйелі, мақсатты бағытты жұмысы. Психолог білім беру мекемесі жағдайында ОЖЖ зақымдалуы салдарынан мінез-құлқында өзгерістері жоқ, немесе жүйке ауруымен ауырмайтын науқас емес тұлғалармен өздігінен жұмыс істеуге құқығы бар. Психолог білім беру мекемесінің ішкі ережесін бұзған оқушыларға тиісті әкімшілік тәрбиелік қызметінің жұмысын орындауға міндетті емес. Түзету жұмысы жеке және топтық жұмыс түрінде түзету және дамыту бойынша, сонымен қатар мінез-құлқында ұқсастықтары бар оқушылар үшін жасалған тақырыптық психологиялық тренинг түрінде жүзеге асырылады.

**4. Психологиялық кеңес беру шаралары** – мұғалімдер мен оқушылардың қыншылықтарын түсіну, отбасындағы қарым-қатынаспен, қоршаған орта адамдары арасында, мектепте кездесетін жағдайлармен байланысты психологиялық

мәселелерін шешіп және нақты талдауға көмек көрсету, жаңа қойылған және шешілген өзіндік шешімдерді қалыптастыруға көмек беру. Кеңес жекеше және топтық турде жүзеге асырылады.

**5.Психологиялық ағарту** – педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, психологиялық қызметте психологиялық мәселелер бойынша ақпараттармен қамтамасыз ету жағдайларын қалыптастыру. Келесі түрде жүзеге асады: лекциялар, психологиялық әдебиеттердің тематикалық көрмелері, әңгімелер, семинарлар, ата-аналар лекториясы т.с.с.

Оку орнындағы психологиялық қызмет жұмысы ҚР Конституциясы, ҚР «Білім» туралы Заны, ҚР «Балалар құқықтары туралы» Заны, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығы 2011жылғы 20 желтоқсан, №528. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы, ШҚО әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі 81 қаулысымен бекітілген психологиялық қызмет ережесі, 2015 жылдың 5 мамырында №3924 нормативтік құқықтық акті болып тіркелген ереже негізінде жүзеге асады.

#### **Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты: жалпы педагогикалық процесті психологиялық түрғыдан қамтамасыз етуде оқушыларға, сонымен бірге мұғалімдерге дұрыс бағыт бере отырып, әр жас кезеңіндегі оқушының жеке тұлғалық дамуына көмектесу, олардың өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыра отырып, қызығушылығын арттыру, толеранттылықта тәрбиелеу, психологиялық жағымды жағдай жасаумен қамтамасыз ету.

#### **Міндеті**

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің танымдық деңгейін зерттеу, дамытушылық жұмыстар жүргізу;
- 1, 5 сынып оқушыларының мектепке психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету;
- 3-4 сынып оқушыларының танымдық деңгейін зерттеу, дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу;
- 6-7 сынып оқушыларының топтағы психологиялық атмосферасын, тұлғааралық қарым-қатынастарын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, анықталған мәселе бойынша психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- 8-9 сынып оқушыларының өзін-өзі жетілдіруін, тұлғалық қалыптасуына ықпал ету мақсатында психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- 8-9 сынып оқушыларының бейіндік алды дайындықтары, 10-11 сынып оқушыларының бейіндік дайындықтарын психологиялық зерттеу;
- Тәрбиеге қындық келтіретін оқушыларды психологиялық көмекпен қамтамасыз ету;
- Суицидке бейім оқушыларды анықтай отырып, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметпен қамтамасыз ету;
- Педагогикалық ұжымға психологиялық қолдау көрсету;
- Құқықтық тәрбие беру мақсатындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру;

- Ата-анасынан қамқорсыз қалған, толық емес, игіліксіз отбасынан шыққан оқушыларды психологиялық қолдау;
- Жасөспірімдерге психологиялық тұргыда жыныстық тәрбие беру;
- Мектеп бітіруші түлектерді психологиялық қолдаумен қамтамасыз ету;
- Үлгерімі төмен, қабілетті оқушыларды психологиялық қолдау;
- Діни экстремизм, терроризмнің алдын алу мақсатында психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- Ата-ананы педагогикалық психологиялық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру;
- Педагогикалық психологиялық консилиум өткізу;
- Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар мен ата-аналарды педагогикалық психологиялық сүйемелдеу;
- Оқушыларды ОЖСБ, МҚА, ҰБТ бойынша психологиялық қолдау;

Педагог-психологтың 2022-2023 оку жылына арнаган жылдық жұмыс жоспары.

I . Диагностика						
№с	Iс - шаралар	Жұмыстың түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің сабактарына қатысу, мектепке дайындық деңгейін анықтау.	Бақылау	Мектепалды даярлық топ	05.09 10.10	Қажетіне қарай қайталau жұмыстарын жүргізу	Анықтама сабакқа қатысу парагы
2	1-сынып оқушыларының сабактарына қатысу, мектепке бейімделуіне бақылау жасау, диагностикалық жұмыстар	Бақылау әдістемесі	1-сынып оқушылары	06.09 13.10		Анықтама, хаттама сабакқа қатысу парагы
3	5-сынып оқушыларының сабактарына қатысу, бейімделуі кезеңіне бақылау, диагностикалық жұмыстар	Бақылау әдістемесі	5-сынып оқушылары	07.09 20.10		Анықтама, хаттама сабакқа қатысу парагы
4	9-сынып оқушыларының бейімделуі кезеңіне бақылау, диагностикалық жұмыс	Әдістеме	9-сынып оқушылары	25.10		Анықтама, хаттама сабакқа қатысу
5	Сьюзен Деллингер әдісімен «Психогеометриялық тест» арқылы жеке тұлғаны зерттеу	Тест	3-4-сыныптар	09.11		Анықтама Хаттама
6	Магыналы есте қалдыру	Тест	2-4-сыныптар	08.12		Анықтама Хаттама
7	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерін диагностикалау			15.05	Мамыр айы қайталau	Корытынды

II. Түзету-дамыту жұмысы

1	Бейімделу тренингтері	Жаттығулар тренингтер, ойындар	0,1,5 сыйыптар	Айна бір рет		Анықтама Ұсыныстар
2	Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар	Жаттығулар Қажетіне қарай жеке жұмыс жүргізу	8,9 сыйыптар	19.10 17.11		Анықтама Ұсыныстар
3	5- 9 сыйып оқушыларының бейімдеу деңгейі туралы есеп	Педагогикалық – психологиялық консилиум	5,9 сыйыптар	15.11 24.11		Жинальс Хаттама
4	Қарым –қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар	Жаттығулар	6,7 сыйыптар	12.12 19.01		Анықтама
5	Жоғарғы сыйып оқушыларына емтихан ,ҰБТ сынақтары алдындағы жұмыстарды үйимдастыру	Түсіндірме жұмыстар Кеңестер Ақпараттар беру Тренингтер	11 сыйып	Жыл бойы		Анықтама Ұсыныстар Кеңес беру журналына тіркеу
6	«Арт –терапия » «Құм терапия»		1-4 сыйыптар	Мамыр		Анықтама
	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жеке жұмыстар			Жыл бойы		

III. Профилактика және психологиялық ағарту

1	«Бірінші сыйып оқушыларының бейімделуін зерттеу»	Әдістеме	1 сыйып	03.10		Анықтама Хаттама
2	Оқушылар арасында аутодекстроктивті көніл –күйдің алдын алу	Жаттығулар	7,8,9 сыйыптар	08.12 18.01 16.02		Анықтама

3	Достык карым – катынас, ұйымшылдықка бағытталған ағарту жұмыстары	Тренинг	4,5 сыйнтар	15.02
4	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процесстері мен тұлғалық -мотивациялық аймагын түзету дамыту жағтығулар	Жағтығулар	2-3 сыйнтар	09.03
5	Ойлау кабилетін дамытуға арналған жағтығулар	Жағтығулар Әдістеме	9, 11 сыйнтар 13.04	Анықтама Ұсыныстар
6	«Күйзепіспен калай күресу керек?» » «Өзіннін эмоцияларынды калай басқаруға болады?» «Өз коркыншиның жене біл»	Тренингер Кеңестер	9, 11 сыйнтар 14.03 18.04 17.05	Кеңес беру журналына тіркеу

#### IV. Консультация беру

1	1-сынып және мектеп алдындағы тобы ата-аналарына «Баланың мектепте окуға психологиялық дағырлық маселелері»	Саудалнамалар, кенестер беру	Ата – аналар	15.09	Кеңес беру журналына тіркеу Анықтама
2	«Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері»	Дәріс , кенестер	Ата – аналар	22.11	Кеңес беру журналына тіркеу

3	«Баланың мектепке баруға байланысты тұмындытын көңілдіктер»	Дәріс	Ата -аналар	14.12	Анықтама
4	Мемандық таңдауда ата-аналарға кенес беру Бейімделуге көзісты оқушылардың жеке дара кенесі УБТ-ге дайындық	Ақпараттаныру	Ата -аналар	Жыл бойы	Кенес беру журнальна түркесі Анықтама
5	« Оқушының мамандық таңдауында ата - анасының манызы »	Сауаланама	Ата -аналар	20.01	Анықтама
6	Кеңестер :  1. «Мамандық таңдаудагы негізгі мотивтер» 2. «Мамандық таңдаудагы ең кең тараған көтөліктер» 3. «Таңдалған шешімге жеті қадам»	Кеңестер Жеке	9-11 сыныптар	24.05	Кенес беру журнальна түркесі
	Ерекше білім беруді кажет етстің білім алушылардың ата - аналарымен жекелеген жұмыстар жүргізу				Кенес беру журнальна түркесі

#### V. Үйимдастыру-адистемелік жұмыс

1	Тренинг сабактарын, практикум, психологиялық сабактардың бағдарламаларын, әзірлемелерін дайындау.		Уақыттында	Бағдарламалар
---	---	--	------------	---------------

2	Алынган тест нәтижелеріне сараптама жасау , сынып жетекшілерге таныстыру	Саралтама ,корытынды	Сынып жетекшілер	Қажетіне қарай		Талдау
3	Сабактарға өзара қатысу, білім алушыларға қатысты мәселелер бойынша бақылау жұмыстары			Қажетіне қарай		Анықтама
4	Педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың , өзіндік білімнің іскерлігімен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді менгеру	Өз білімін жетілдіру				Жинақтау
5	Басқа сабактар –мамандармен, психологтар қауымдастырымен және білім белімнің әдістемелік кабинеттерімен іс –қимылды жүзеге асыру	Тәжірбие алмасу	Педагог –психологтар			

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

Психологиялық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға: -ата-аналармен; -білім алушылармен; -педагогтармен тоқсандық, жылдық талдау есептер	Талдамалық жұмыс	Әкімшілік	Әр тоқсанда, оқу жылының аяқталуы		Аналитикалық есеп
--	------------------	-----------	-----------------------------------	--	-------------------

Педагог – психолог:

Л.Б.Нигметова